

ӘОЖ 811.512.122

**А.А. АЙТМУКАШОВА**

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,  
Өскемен қ., Қазақстан

#### ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНІҢ ТАРИХЫ

Мақалада қазақ жазуының тарихы, әліпби құрамы мен емле мәселелерінің қойылуы мен шешілу жолдары сөз етілген. Көне түркі әліпбиі, ондағы графемалар мен фонемалар арақатынасы, түркі халықтары қолданған араб жазуы кезеңі, араб графикасын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп қолдану кезеңі, XX ғасыр басында қолданылған латын жазуына негізделген қазақ әліпбиі, кирилл жазуына негізделген қазіргі жазу, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері сипатталған.

**Түйін сөздер:** графика, емле, әріп, дыбыс, көне түркі жазуы, латын графикасы, әліпби.

#### ИСТОРИЯ КАЗАХСКОГО АЛФАВИТА

В статье рассматриваются история казахской графики, состав алфавита и орфографии, а также проблемы, связанные с ними. Описываются история древнетюркского алфавита, соотношение графем и фонем, период арабской графики, используемая тюркскими народами, казахская графика на основе латинского алфавита, использованного в начале двадцатого века, современная кириллица, их преимущества и недостатки.

**Ключевые слова:** графика, орфография, буква, звук, древнетюркская письменность, латинская графика, алфавит.

#### APPLICATION OF NEWSPELLING RULES

The article examines the history of Kazakh graphics, the composition of the alphabet and spelling, and the problems associated with them. The history of the ancient Turkic alphabet, the ratio of graphemes and phonemes, the period of Arabic graphics used by the Turkic peoples, Kazakh graphics based on the Latin alphabet used in the early twentieth century, modern Cyrillic alphabet, its advantages and disadvantages are described.

**Keywords:** graphics, spelling, letter, sound, ancient Turkic writing, Latin graphics, alphabet.

Графика – (гректің графике, графо – өрнектеймін, жазамын) – 1) графемалар, тыныс белгілері, екпін белгілері және т.б. жазу құралдар жиынтығы; фонематикалық жазудағы графема мен фонема арасындағы қатынастарды зерттейтін тіл білімінің саласы. Графика түсінігі фонематикалық (дыбыстық, әріптік) жазуға қатысты қолданылады, оның 3 қырын: әліпбиді, графиканы және орфографияны қарастырады. Әлемнің жазу жүйесінде ең көп тарағаны – латын, араб, кириллица әліпбилері негізінде жасалған жазулар. Ғылымда өмір сүріп келе жатқан идеалды графика (фонема мен графема бір-біріне дәл болуы) туралы түсінікті ешбір жазудан кездестіре алмаймыз [1].

Қазақ жазуы – қазақ халқының мәдени өмірінде басқа да түркі халықтарымен бірге пайдаланып келген әртүрлі әріп таңбаларынан тұратын дыбыстық жазу жүйесі. Қазақстан жерін жайлаған көне ғұн, сақ тайпалары (б.з.б. V-IV ғғ.) пайдаланған көне («Есік жазуы») жазу сол тайпаларға тән мәдениеттің (жазуының да) тарихи мұрагері – қазақ халқының негізін құраушы үйсін, қаңлы, қыпшақ т.б. тайпалардың ең көне жазуы болып саналады. Көне замандағы қазақ ру-тайпаларының түркі дүниесіне ортақ Орхон-Енисей, Талас ескерткіштеріне негіз болған «руна» жазуы (V-XII ғғ.), көне ұйғыр жазуы, VIII ғасырдан бастап күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан араб жазуы, бір кездерде (1929-40; Қытай 1960-1970) қолданыста болған латын жазуы, кириллица жазуы (1940 жылдан кейін) – осылардың бәрі қазақ жазуының негізі болып саналады.

Түркі тілдерінде, солардың ішінде қазақ тілінде де көне замандардан бастап әр дәуірде қолданған жазу түрлері болған. Сондай жазулардың ғылымда белгілі болған алғашқысы – Көне түркі жазуы немесе «Орхон-Енисей жазуы» деп аталатын жазу. Зерттеушілер бұл жазуды түркі халықтары V-VIII ғасырларда қолданған деген пікір айтады [2].

Талас, Енисей, Орхон жазуларының табылуы, оқылуы, этногенезі, түркі халықтарының тарихына, әдебиетіне, мәдениетіне қатысы, графикасы мен грамматикасы, лексикасы, қазіргі түркі тілдерімен сабақтастығы туралы еңбектер аз емес. Көне замандағы ауызша сөйлеу жүйесіне беймәлім жазу таңбаларын қазіргі тіл дамуының тұтынушысы бола отырып, аршу, дүдәмал дыбыстық тілге кодтау, код таңбаларының мәнін көрсету, кодтың (әліпбидің) кілтін түзу қаншалықты қиын екенін ескерсек, көне түркі жазуына «барған» ғалымдардың еңбегі өлшеусіз екенін көреміз. Көне түркі жазуы жайлы қазақ тіл білімінде бірыңғай пікір қалыптастырған Ғ. Айдаров, А. Аманжолов, Ә. Қайдар, Ғ. Мұсабаев, Ә. Құрышжанов сынды ғалымдар көне түркі жазуының әліпбиін құрастырып, ондағы әріп таңбаларының мәні, берілу тәсілдері, дыбыстық заңдылықтары туралы еңбектер жазғаны мәлім [3].

Көне түркі руникалық жазба ескерткіштерінің кең қанат жайған аймағы

– Оңтүстік Сібір, Моңғолия, Қазақстан мен Қырғызстанның кең жазиралы далалары мен тау шатқалдары. Сөз болып отырған жазу нұсқаларының ішінде екі жүзге жуығы тасқа қашалған, ал ондаған нұсқасы түрлі қорғандардан табылған металл, күйдірілген саз балшықтан жасалған бұйымдарға ойылса, сондай-ақ сирек те болса, ағаш пен сүйек сияқты заттар да қолданылғаны айқындалып отыр.

Көне түркі жазуының із-өкшесін баса келген әліпбилік (әріптік) жазудың өзге де бірнеше түрлері таралғандығы белгілі – манихей, көне ұйғыр (соғды), брахми т.б. [4].

Жалпы Орхон-Енисей жазбаларында қолданылған 35 графеманың 4-еуі ғана дауысты фонеманы, ал 31-і дауыссыз фонеманы және үнді қатаң тіркесін бергені бүгінде айқындалған жайт. Сонда көне түркі жазуы дауысты фонеманың 4 инвариантымен тілдегі 9 вариантын (а-е-э, ы-і, о-ұ, ө-ү) дауыссыздардың 20-дан аса жуан-жіңішке вариантымен 10 инвариант фонеманы (б, д, ғ, й, қ, л, н, р, с, т) берген түркі тілдеріндегі үндесім құбылысын дауыссыздар санын көбейтумен шешкен графика болып табылады.

Түркі халықтары қолданған жазудың екінші түрі – көне ұйғыр жазуы деп аталатын жазу. Графикалық сипаты жағынан бұл жазу көне түркі әліппесіне ұқсас, сонымен төркіндес болған [5].

Ислам дінінің енуіне байланысты ІХ-Х ғасырлардан бастап түркі халықтары арасында тараған араб жазуы жергілікті халықтар тілдерінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкестендірілмей, арабтарда қалай қолданса, сол қалпында өзгеріссіз түркі тілдерінде де қолданылды. Өйткені өз заманында қалыптасқан ұғым бойынша араб тілі канондық тіл деп есептеледі. Сондықтан оны өзгертуге арабтарға тәуелді болған халықтардың құқы болмады. Сол себептен консонаттық принципті араб жазуы түркі тілдерінің дыбыс жүйесіне сай келмеді. Бірақ соған қарамастан ол он шақты ғасыр бойы түркі халықтарының, солардың ішінде қазақ халқының да мәдени-рухани дамуына қызмет етіп келді [2].

Түркі халықтары графикасының ХХ ғасырдың бас кезінен бері қарайғы өзгерістерін үш кезеңге бөлуге болады:

– Араб графикасын түркі халықтарының тілдерінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп қолдану кезеңі;

– Араб графикасынан латын графикасына негізделген жазуға көшу кезеңі.

– Латыннан кирилл жазуына көшу.

Бұл кезеңдерде жүргізілген жұмыс түрлері түркі халықтарының көпшілігінде біртектес болды. Сондықтан оны Қазақстан топырағында істелген істер арқылы да байқауға болады.

Бірінші кезеңге қатысты жүргізілген жұмыстардың алғашқы қадамы Қазақстанда ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады. Араб жазуының

қазақтың дыбыстық жүйесіне сай еместігін Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Н. Ильминский, П. Мелиоранский сияқты түркітанушылар ХІХ ғасырдың өзінде-ақ байқаған, оны тастап орыс тілі графикасын алуды ұсынған болатын.

Жазу мәдениетіне байланысты біраз пікірлер «Дала уәләяты» газеті, «Айқап» журналы беттерінде жарияланып отырды. Сондай пікір алысуға А. Байтұрсынов та қатынасты.

А. Байтұрсынұлы қоғам, ғылым және мәдениеттің өркендеуі жазу арқылы іске асатынын жақсы түсінді. Ғалым сауатсыздықты жою үшін әріп, оқулық мәселесін кезек күттірмейтін мәселе екенін біліп, 1910 жылдан бастап, араб жазуының қазақ тілі үшін қолайлы емес жақтарын түзеп, оны тілдің дыбыстық ерекшеліктеріне сай етіп, сингармониялық ұлттық әліпби түзеді. Сөйтіп, А. Байтұрсынұлы полиграфиялық жағынан қолайлы-қолайсыз жерлерін, оқыту үдерісіндегі тиімді-тиімсіз жақтарын таразылай отырып, 24 әріптен тұратын әліпби құрастырады.

Ал дыбыстың саны, ғалымның өзі айтқандай, – 43. Графеманың бесеуі (а, о, ұ, е) дауыстының, 17-і (б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, қ, к, г, н, л, м, н) дауыссыздың, 2-і (у, й) жарты дауыстының таңбасы. Ал фонеманың 9-ы (а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, е) дауысты, 34-і (б, б', д, д', п, п', т, т', ж, ж', ш, ш', р, р', з, з', с, с', ғ, қ, к, г, н, н', л, л', м, м', н, н', у, у', й, й') дауыссыз. Сөйтіп, ғалым тіл дыбыстарын бір жарым есе аз әріп таңбаға сыйдырып, өз кезеңінде ең үнемді әліпби түрін жасады. Әліпби теориясында әріп саны фонема санынан аз әліпби жетілген жазу сипатын көрсетеді деген қағиданы қалыптастырған А. Байтұрсынұлының төте жазуы деп білеміз.

Ғалым ерін үндесіміне қарағанда қазақ тілінде тіл үндесімі жетекші қызметте екенін пайымдап, лингвалды сингарманизмге жазуда доминанттық сипат береді. Сөйтіп, өзге түркі тілдері ішіндегі қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігін анықтап, орнын айқындайды. Сөздің бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке айтылатыны басқа дыбыстық заңдылықтарға қарағанда жаппай қамтитын құбылыс екенін пайымдайды. Және ол жуан-жіңішкелікке «жетекшілік» ететін саны аз дауысты дыбыстар болатынын біледі. Осы белгілерді байқай отырып, ғалым 43 дыбысты мүмкіндігінше аз әріпке сыйдыруды қарастырады.

Әліпбиде қазақ тіліне тән, төл дыбыстарға ғана орын беріліп, кірме дыбыстар алынбайды. Сөйтіп ғалым әліпбиді жалпыхалықтық, ұлттық негізде қарастырады. Сондықтан А. Байтұрсынұлының бұл жазу жүйесі ұлттық қазақ жазуы деп аталды. А. Байтұрсыновтың өзгертуімен жасалған араб әліппесі қазақ жазуы латын жазуына көшкенге дейін барлық жұмыстарда да қолданылып келді.

Екінші кезең, яғни латын графикасына көшуге әзірлік, 1920 жылдардың алғашқы жартысында басталып, түркі тілдес республикалардың әрқайсысында әртүрлі қарқында жүргізілді.

Әліпби, емле және оны реформалауға байланысты қазақ оқымыстыларының арасындағы пікірталас алғашқыда «Дала уәлаяты», «Айқап», «Қазақ» газеттері беттерінен көрініс тапса, 1920 жылдан бастап «Еңбекші қазақ», «Жаршы», «Жаңа мектеп» газеттерінде де көрініс тауып, газет төңірегіне ұйыса бастайды [2].

Жоғарыда айтылып өткендей, қазақтар арасында латын әліпбиіне көшу мәселесі 1920 жылдардың орта тұсынан бастап сөз бола бастады. Әліпбиге байланысты көзқарас, пікірталастарды бұқара арасына жариялап халық талқысына салып отырған «Еңбекші қазақ» газетінің орны ерекше болды. Аталмыш газетке екі топтың жүздеген мақалалары жарияланып отырды. Айталық, Н. Төреқұлов «Бізге қандай әліппе керек», Ә. Байдилдиннің «Жаңа әліппе тарихынан», Б. Байтоғайұлы, Қ. Басымов, М. Дулатов, Т. Шонанұлының, «Бізге жаңа әліппе не үшін керек», О. Жандосұлы, М. Жолдыбаев, Қ. Жұбанов, Е. Омаров, Қ. Кемеңгеров, Н. Қаймекеұлы, Ж. Аймауытовтың, М. Мұхтарұлы «Дыбыс белгілерін негізінен өзгерту керек» т.б. және шетелдік Г.И. Бройдо, Н. Яковлев, Поливанов, Навширманов, профессор Ашмарин, профессор Жюзе, академик Бартольд, профессор Л. Жирков, профессор Б. Шобанзаде сынды ғалымдардың бірнеше мақалалары оған дәлел бола алады.

Латын графикасын қабылдау қарсаңында, 1920 жылдарда, яғни араб жазуын қолданыстан мүлдем шығарып, латын әліпбиін қабылдау алдында қазақ зиялылары арасында түрлі бағыттағы пікірталастар болып, олар латыншылдар және арабшылдар немесе қазақшылдар деген екі топқа бөлінді.

1926 жылы Бакуде Бүкілодақтық түркологиялық бірінші съезд болды. Съезд қаулысында барлық түркі тілдес халықтар латын графикасына негізделген жазуды өз тілдеріне қалай сәйкестендіру ісімен шұғылданды.

Соңында латын графикасы негізіндегі әліпби жүйесіне көшіру жұмысы басталады. Түркі республикаларының біразына қарағанда жаңа әліппеге көшу жұмысы Қазақстанда едәуір баяу дамыды. Қазақстан Орталық Атқару комитетінің «Қазақ жаңа емлесі туралы декреті» 1929 жылдың 25 шілдесінде жарияланды. Қабылданған 29 әріптердің тоғызы – дауысты дыбыс таңбасы, он жетісі – дауыссыз дыбыстар таңбалары.

Қабылданған әліпбидің артықшылығы:

- «бір дыбыс – бір әріп» принципі қатаң сақталды;
- түркі халықтары ұстанған принцип қатал ұсталды;
- оқуға қолайлы, жазуға оңай, өте қарапайым;
- кірме әріптер жоқ;
- жол асты, жол үсті белгілері жоқ.

Қабылданған әліпбидің кемшілігі ретінде *ә, ө, ы, ғ* дыбыстарының белгілері латын стандартына сәйкес алынбаған. Сонымен латын әліпбиіне көшкеннен кейін басы шешілмеген бірнеше мәселе туады. Ол – бас әріп мәселесі, шылаулардың

жазылуы, кейбір әріптердің жазылуы, сөздердің бірге және бөлек жазылуы тәрізді мәселелер. Сондықтан 1938 ж. әліпби және емлеге бірнеше өзгерістер енгізіледі. Орыс тілінен енген сөздер түпнұсқалыққа негізделі бастайды. Осы жылдардан бастап қазақ әліпбиіне *в, ф, х* әріптері, кейіннен олардың саны екі есе өсіп кеткені белгілі [6].

1938 жылға дейін қолданылған әліпби жүйесіндегі бірнеше қиындықтарды шешу үшін Қазақ ССР-ның Орталық Атқару Комитеті мен халық комиссарлары Советінің және Орталық Атқару комитетінің председателі, орынбасары Н. Өмірзақов, Ы. Тәжібаевтың ұйғаруымен 1938 ж. 1 қаңтардан бастап «Қазақ әліппесі мен орфографиясын біраз өзгерту туралы» қаулысы жарыққа шығады. Бұл қаулыда қазақ тілінің емле кодексіне біраз өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

Қаулы мынадай тармақтардан тұрады: а) емленің негізгі принциптері; ә) әліппе және дыбыс жіктері; б) дауысты, дауыссыз дыбыстардың бір-бірімен алмасып естілгендегі жазылуы; в) қысаң езулік дауысты *ы, і*-лердің жазылуы; г) *и, у* әріптердің жазылуы; д) орыс тілінде бар, қазақ тілінде жоқ дыбыстардың жазылуы; ж) сызықшамен жазылатын қос сөздердің түрлері; з) кейбір жалғаулықтардың жазылуы; л) бас әріптің емлесі. Осы ережеден кейін орыс тілінен енген сөздер фонетикалық принциппен емес, *түпнұсқалыққа жақындық* принципіне ауыстырылып жазыла бастады.

Жалпы Шығыс елдеріне жақын орналасқан мемлекеттердің алғашқы жазу графикасы ретінде латын әліпбиінің енуі 1924-32 жж. аралығын қамтиды. Байқап қарасақ, сол кезде латын графикасын дүниежүзі болып қабылдау мақсатын жүзеге асыру сияқты жаһандық проблеманы алға тарту көзделген болуы керек. 1925-1938 жж. латын графикасына негізделген түркі тілдері әліпбилерін талдау нәтижесінде мынадай қорытынды шығарылады. Латын графикасы жазуы жоқ және жазба тілі кенжелеп қалған түркі тілді халықтардың жазба тілін дамытуға күшті серпін берді. Түркі тілдері әліпбилерін латын графикасына көшіру біршама жетістіктер әкеліп, қазіргі заманғы жазба тілдің құрылуына негіз болды [2].

Осы жылдардан бастап (1938-39 жж.) латын графикасына негізделген әліпбиді орыс графикасына ауыстыру мәселесі қызу талқыға түсе бастайды. Себебі латын графикасын сақтау – оқыту жұмысында көп қиыншылыққа душар етті: оқушыларға әрі орыс жазуын, әрі латын жазуын үйретуге тура келді. Осылар сияқты жағдайлардың нәтижесінде латын жазуын одан әрі қолдану түркі халықтары үшін қолайсыз деп танылды да, латын жазуы орнына орыс графикасына негізделген жазу қолданылатын болсын деген ұйғарым үстемдік алды. Сөйтіп, түркі тілдері графикасы дамуының үшінші кезеңі басталды.

Кириллица жазуын грек тіліндегі шіркеу кітаптарын ескі славян тіліне аудару үшін славян ағартушысы Кирилл 863 жылы грек әліпбиі негізінде

жасаған. Қазіргі орыс әліпбиі осы кириллицаның негізінде жасалып, түзету, толықтырудан өтті [7].

1939 ж. 10 тамызда орыс графикасына негізделген алғашқы әліпби жобасы жарияланады. Латын графикасынан кириллицаға көшу жұмысына басшылық ету, кириллицада жоқ, бірақ қазақ тілінде бар дыбыстарды қандай таңбалармен таңбалауға болатындығы туралы ойлы пікірлер айтып, жаңа әліппенің жобасын жасаған – профессор Сәрсен Аманжолов.

Алғашқы жобада 40 әріп болды: *а, ә, б, в, г, д, е, ж, з, и, й, і, к, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ұ, ф, х, қ, г, ц, ч, ш, щ, ь, ы, ь, э, ю, я*. Бір жылдан кейін 1940 ж. 30 тамызда жаңа әліпби жөніндегі ғылыми конференция 41 таңбадан тұратын жаңа әліпби туралы жоба ұсынды. Басқа түркі халықтары сияқты қазақтар да орыс графикасына көшуді 1940 ж. аяқтады. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бесінші сессиясы 1940 жылдың 10 қарашасында «Қазақ жазбасын латын алфавитінен орыс графикасы негізінде жасалған жаңа алфавитке көшіру туралы» заң қабылдады.

Сөйтіп, 1940 ж. 11 желтоқсанда *орыс графикасына негізделген қазақ жазуы* түбегейлі қабылданады. Алфавиттік қатарда алдымен орыс тіліне тән әріптер, содан соң қазақ тіліне ғана тән әріптер тұрды. Бұл тәртіп 1957 ж. өзгеріп, қазіргідей күйге келді, яғни *а, ә, б, в, г, ғ* деген сияқты және қазақ алфавитінің қатарына *э* әрпі қосылды. Қазіргі қазақ әліпбиінде 42 әріп бар. Оның 33-і орыс тілінен өзгеріссіз қабылданды да, орыс графикасының негізінде жаңадан 9 әріп (*ә, ғ, қ, ң, ө, ұ, ү, і, һ*) жасалды. Бұл әріптердің 25-і дауыссыздардың, 15-і дауыстылардың таңбасы, екі әріпте *ъ, ь* дыбыстық мән жоқ. Сонымен, қазіргі жазу графикасындағы әріптердің нобайы көне орыс жазуындағы дыбыстар нобайының негізінде пайда болған [3].

1940 жылдан бері әліппеміз бен емлемізге біренеше рет түзетулер, толықтырулар енгізіліп, өңделіп, жылма-жыл орфографиялық сөздіктер басылып шығып жатыр.

Қазақ жазуының тарихында тағы бір маңызды белес тұр. Ол – тағы да графика ауыстыру, әліпби жетілдіру науқаны. Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпби жоба ұсынушылар немесе латын жазуына қайтуды қолдаушы ғалымдардың арқа сүйеп отырған басты мәселе – кирил жазуына негізделген әліпби қазақ тілінің дыбыстық жүйесін барабар жағдайда көрсете алмайды және оның орфографиясын күрделендіре түседі. Сондай-ақ әліпби ауыстырудың қажеттілігі қазақ тілін орыс тілінің әсерінен қорғау, тілдің табиғи дамуын күшейту, қазақ тілін сақтау үшін керек дегенге барып тіреледі.

Әлеуметтік қауымдастықтың тең құқылы мүшесі болған жоғары экономикалық, ғылыми, мәдени және адами әлеуеті мол Қазақстанның ұлттық бет-бейнесін, болмысын сақтай отырып, әрі қарай дамуы ендігі жерде еліміздің

жаһандану үрдісіне тереңдей және кеңінен енуін талап етеді. Бұл мәселеде қазақ жазуын латын әрпіне көшірудің маңызы зор.

Қазақтың ұлттық бірегейлігін қалыптастырып, нығайтуда оның түркілік бірегейлігімен байланысын анықтау үлкен мәнге ие. Қазақтың ұлттық таным-түсінігі үшін әлемнен шыққандығы оның мәдени, тарихи, тілдік т.б қатынастарын анықтауда ерекше маңызға ие болатыны байқалады. Туысқан түркітілдес алты мемлекеттің төртеуі латын графикасына көшті. Олардың қатарына Қазақстанның енуі түркі халықтарының мәдени, тілдік, тағы да басқа қатынастарын нығайтуда нәтиже берері анық.

Жаһанданудың технологиялық негізі ақпараттық және коммуникативтік технологиялар болып табылады, оның қатарына компьютерлендіру, интернет, ұялы телефон, жерсеріктік теледидары т.б. жатады. Кеңінен таралып, одан әрі дамып жатқан осы және басқа да технологиялар әлемдік ақпараттық кеңістікте латын графикасының қанат жаюына бірден-бір себеп болды.

Латын графикасы қазіргі таңда дүниежүзі бойынша кең қолданылатын жазу жүйесі ретінде танылып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі, бір жағынан, қазақ тілінің әлемдік ақпараттық кеңістікке еркін енуіне, екінші жағынан, Қазақстандағы ақпараттық және коммуникативтік технологияның кең таралуына мүмкіндік береді [5].

Қазақ тілін латын графикасына көшіру нығайып келе жатқан тәуелсіз Қазақстанды жаңа заманауи мемлекет ретінде танудың жолы болмақ. Бұрынғы кезде қазақ тілінің жазу-сызуын халық сыртқы күштердің, сыртқы мәдениет пен саясаттың ықпалы арқылы қабылдаған болатын. Қазіргі қазақ тілінің жазу формасы үшін латын әліпбиін таңдау саналы түрде, еркін жүргізіліп отыр, бүгінгі қазақстандық қоғамның болашағы жастар болса, солардың дені түгелдей латын қарпінің үдесіне ойысып, өз таңдауын жасап отырғанын соңғы жылдардағы көптеген әлеуметтанушылық зерттеу нәтижелері растап отыр. Жазу жүйесін латын әліпбиіне көшіру Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретіндегі қазақ тілінің мәртебесін нығайтуға да септігін тигізеді.

Ұзақ мерзімдегі келешекте, яғни латын графикасы негізінде білім алған қазіргі балалар өмір белестеріне шыққан уақытта, тіліміздің мемлекеттік мәртебесі бұрынғыдан әрі берік нығаюын, соның нәтижесінде Қазақстан халқының жалпыұлттық, мемлекеттік берегейлігінің жоғарғы деңгейге жеткенін көре алатынымызға сенеміз. Сондықтан бүгінгі күні қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшірудің ғылыми негіздерін кешенді зерттеудің өзектілігі артып отыр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – Б. 58.
2. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары / Т. Қордабаев. – Ал-



маты: Рауан, 1995. – Б. 62, 64, 65, 68.

3. Күдерина К. Түркі тілдерінің әліпбиі мен емле тарихы / К. Күдерина. – Алматы: Қазақ тілі, 2016. – Б. 29, 154.

4. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы / А. Аманжолов. – Алматы: Санат, 1996. – Б. 4.

5. Күдерина К. Қазақ жазуының теориялық негіздері / К. Күдерина. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2010. – Б. 104, 348-350.

6. Әміржанова Н. XX ғ. басындағы латын графикасына негізделген қазақ емлесінің тілтанымдық негіздері туралы // Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы / Н. Әміржанова. – Алматы: Қазақ тілі, 2016. – Б. 63.

7. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы / С. Мырзабеков. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – Б. 113.

#### REFERENCES

1. *Lingvistikalıyq tusındırme sozdic. Almaty, 1998, 58 (in Kaz).*

2. Qordabaev T., *Qazaq til biliminin qalyptasu, damu joldary. Almaty, 1995, 62, 64, 65, 68 (in Kaz).*

3. Kuderinova Q., *Turki tilderinin a`lipbi`I men emle tarihy. Almaty, 2016, 29, 154 (in Kaz).*

4. Amanjolov A., *Turki filologiasy jane jazu tarihy. Almaty, 1996, 4 (in Kaz).*

5. Kuderinova Q., *Qazaq jazuyyn teorialyq negizderi. Almaty, 2010, 104, 348-350 (in Kaz).*

6. *Jana ulttyk alipbi negizinde qazaq jazuyyn reformalau, teoriasy men praktikasy Almaty, 2016, 63 (in Kaz).*

7. Myrsabekov S., *Qazaq tilinin fonetikasy. Almaty, 1993, 113 (in Kaz).*

ӘОЖ 811. 512.122

#### А.А. АЛИМХАН

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,  
Өскемен қ., Қазақстан

#### ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДІҢ МАҢЫЗЫ МЕН ҚИЫНДЫҚТАРЫ

Мақалада қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру мәселесінің бүгінгі таңдағы маңызы мен қиындықтары ғылыми-практикалық тұрғыдан талданады. Мақаланың басты мақсаты – латын әліпбиіне көшудің өзектілігін негіздеп, кездесуі мүмкін қиындықтарды айқындап, оларды шешу жолдарын бағамдау.

**Түйін сөздер:** қазақ жазуы, жазу тарихы, дыбыстық жазу, латын әліпбиі, кириллица, графика.

#### АКТУАЛЬНОСТЬ ПЕРЕХОДА НА ЛАТИНСКУЮ ГРАФИКУ И ЕЕ ТРУДНОСТИ

В данной статье анализируются научно-практические значения и трудности перехода на латинскую графику. Основная цель статьи – раскрыть актуальность перехода на латинскую графику и определить возможные трудности при переходе на латиницу и